Бекітемін
ИП «Байгонусова З.Я»
«Al-Adil» бөбекжай-балабақшасы
Байгонусова З.Я.
Меңгеруші: ________
«01» ____12____ 20 25 ж.

# Ата-аналар жиналысының №2 хаттамасы

**Тақырыбы:** "Бала құқығы туралы "
Кіші «Ақбота» тобы

Тәрбиеші: Жумагелдиева М.А.

2025-2026 оқу жылы

***«AL-Adil» бөбекжай балабақшасы***
***Кіші "Ақбота" тобында өткізген ата-аналар жиналысының хаттамасы.***
***Хаттама №2***

**Күні:** 04.12.2025
**Қатысқаны:** 12
**Қатыспағаны:**1

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. «Баяндама «Бала құқығы туралы»
2. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.

3. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Жумагелдиева М.А.

1. «Бала құқығы туралы» тақырыбында баяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылығын білдірді.

1. Баяндама бойынша:
   - Ата-аналар өздерінің балаларын тәрбиелей отырып, оны қорғауға міндетті;
   - Он сегіз жасқа (кәмелетке ) толмаған адам бала деп саналады;
   - Әрбір бала ата-анасының қолында тәрбиеленуіне, отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқылы;
   - Бала тегін білім алуға құқылы;
   - Бала үй заңдарына сәйкес тұратын үйге құқығы бар;
   - Бала тегін емделуге , дені сау болып өсуіне құқылы.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Жумагелдиева М.А. балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып қатысамыз деп шешті.

**Қаулы:**

1. Балаларға ұлттық салт-дәстүрлерді үйрету жұмыстары жалғастырылсын.
2. Наурыз мерекесіне ата-аналар белсенді қатыссын.
3. Балалардың қауіпсіздігіне ата-аналар тарапынан көңіл бөлінсін.
4. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.

Әдіскер: ______________________ Құлқаева Е.П.

Тәрбиеші:_____________________ Жумагелдиева М.А.

Бекітемін
ИП «Байгонусова З.Я»
«Al-Adil» бөбекжай-балабақшасы
Байгонусова З.Я
Меңгеруші:_____________
«11» ___12___ 2025 ж.

## Ата-аналар жиналысының №2 хаттамасы

**Тақырыбы:** "Балабақшадағы балалардың жетістіктері»
Ересек «Болашақ» тобы

Тәрбиеші:Валиулина Ж.Ж.

2025-2026 оқу жылы

## *«AL-Adil» бөбекжай балабақшасы*
## *Ересек "Болашақ" тобында өткізген ата-аналар жиналысының хаттамасы.*
## *Хаттама №2*

**Күні:** 11.12.2025жыл
**Сағат:**18:00
**Қатысқандар:**12
**Қатыспағандар:**

**Тақырыбы:** Жарты жылдық қорытынды
**Мақсаты:** Балалардың жеткен жетістіктері мен оқу қызметтерінде өтілген тақырыптар бойынша қорытынды жасау.

**Күн тәртібінде**

1.Жарты жылдық қорытынды
2.Ашық қызметтеріне қорытынды
3. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.
4. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.
4.Қорытынды

**Тыңдалынды:** Әдіскер: **– Тренинг** Жан шуағы атты тренинг арқылы жиналысымызды бастаймыз . Ата- аналар сіздер балаларымыздың бойындағы ең жақсы қасиеттерін айтсаңыздар.Айнұр апай: Жансұлу ибалы .Әлия апай: Зульфия көркем мінезді.
Арайлым апай: Мариям ең ақылды, нәзік балалардың бірі. т.б Рақмет баршаңызға күнделікті балаларымызға жылы тілектерді айтып жүректеріне жылулық сыйлап. Жақсы көретінімізді айтып отырғанымыз дұрыс. Психикасы сау тұлға қалыптастыра білейік.

Тыңдалды: Тәрбиеші: **- Жарты жылдық қорытынды**

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата –аналар! Бүгін сіздермен оқу жылының жарты жылдық қорытындысын жасаймыз. Жарты жылдықта балалар балабақшадағы күн тәртібіне қалыптаса бастады. Өз-өзіне қызмет көрсетуді біледі.Үлкендермен және өз достарымен қарым - қатынас жасайды үйренді. Топта күнделікті оқу қызметтері өтіледі, жылдың басымен салыстырғанда балалар оқу қызметіне әлдеқайда жоғары деңгейде қатысады,өз ойын еркін жеткізе алады.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі тәрбиеші балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып қатысамыз деп шешті.

Төртінші мәселе бойынша топ тәрбиеші Валлиулинна Ж.Ж жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Соны мен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға бейлейтін номерлері бар екенін, оларға арнай киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

Наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктеріміз «Аналар-асыл жандар!», «Қош келдің, әз-Наурыз деп аталады. Алдағы уақытта балалармен оқу қызметтерін ары қарай жалғастыратын боламыз.

**Тыңдалды:** Тәрбиеші: **Ашық қызметтеріне қорытынды**

**«Біз не үйрендік?»**

- ✓ **Күн тәртібіне бейімделдік ,үйрендік**
- ✓ **Оқу қызметтеріне белсене қатысу, өз ойын айту**
- ✓ **Достарымен жақсы қарым-қатынас орнату** (кешірім сұрау, рұқсат сұрау, бір-бірін кешіру)
- ✓ **Апайлармен дұрыс қарым –қатынас жасау (амандасу, тыңдау, кешірім сұрау, рұқсат сұрау)**
- ✓ **Ұйымдастырылған оқу қызметтері:**

Білім күніне байланысты балалармен тақырыптық оқу қызметі өткізілді. Балаларға білім күні туралы түсінік беріліп, жаңа келген балалармен танысты. «Ғажайып тапсырма әлемі» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметі болып өтті. Балалар үшін қызықты болды. Алтын күз мерекесі біз осы жылы басқа форматта өткізді. Төтенше жағдайға байланысты ата-аналар қатыспады. Балалар сахнада өздерін еркін ұстап, әсем ән мен әдемі билерді биледі. .Тәуелсіздік мерекесіне орай балабақшамызда ертеңгілік болды. Балалар мерекелік бағдарламада би билеп, ән айтып, көрініске қатысты. Белсенділіктерін көрсетті Балаларға жарты оқу жылдық өте қызықты өтті.

**Тыңдалынды:** Ата-ана: Замира апай ( Зульфияның анасы)

- Осы күнге дейін өткізіліп жүрген сабақтардың нәтижелерін күнделікті балаларымыздан байқап жүр едік.Енді бүгінгі жиналыста балаларымызға өткізілген іс-шаралардан толығымен хабардар болдық. Балаларымыздың осы жарты жыл ішінде білімдерінің толысып қалғандығын көріп жүрміз. Әрі қарайда балаларымыздан осындай үлкен нәтижелер күтеміз. Рақмет!

**Ата-аналар жиналысының шешімі:**

Ата-аналарға жарты жылдық оқу қызметінің барысы мен нәтижелері баяндалды. Осы уақытқа дейін өткізілген іс-шаралардың балаларға тигізген оң нәтижелелері

болды. Жиналыс барысында ата-аналарға тренинг жүргізіліп, ата-аналар тарапынан жағымды пікірлер айтылды.

Әдіскер: ________________________ Құлқаева Е.П.
Тәрбиеші:________________________ Валлиулинна Ж.Ж